

1. ҚР МӘМ «К. Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған Республикалық мамандандырылған музыка орта мектеп-интернаты»

Алматы қ., Байзақов көшесі,
304 baysa-priem@mail.ru

**2. ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі
«К. Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған Республикалық мамандандырылған музыка орта мектеп-интернаты» педагогикалық және концертмейстерлік бос орындары**

1. Теория, музыка тарихы және музыка бөлімі – бос орындар: 4 ставка
Оның ішінде:

- 1 ставка – джаздық гармония және импровизация
- 1 ставка – джаздық гармония және импровизация
- 1 ставка – сольфеджио, гармония, музыка теориясы, талдау және полифония
- 1 ставка – орыс және шетел музыкасы

2. Оркестрлік дирижерлау бөлімі – бос орын: 1 ставка (16 сағат)

3. Концертмейстерлер – бос орындар: 10 ставка

3. Үміткерге қойылатын біліктілік талаптары:

- Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі болуы – дипломмен расталады.
- Кәсіби құзыреттерге ие болу – оқытылатын пән саласында білім мен білік, заманауи оқыту және тәрбиелеу әдістерін білу, түрлі педагогикалық технологияларды қолдана білу.
- Педагог лауазымдық міндеттерін атқару үшін қажетті кәсіби білім мен дағдыларға ие болу.
- Жеке қасиеттері: қарым-қатынасқа бейімділік, әдептілік, шығармашылық көзқарас, адалдық және ашықтық.

Санаттар:

- **Педагог (санатсыз):** Педагогика саласында базалық білім мен білік талап етіледі, даму ерекшеліктері әртүрлі оқушылармен жұмыс істей білуі қажет.
- **Педагог-модератор:** Педагог-ассистент құзыреттеріне қоса, даму ауытқуларын психологиялық-педагогикалық диагностикалаудың заманауи әдістерін біледі.
- **Педагог-сарапшы:** Педагог-модератор құзыреттеріне қоса, даму ауытқуларын психологиялық-педагогикалық диагностикалаудың заманауи әдістерін біледі.

- **Педагог-зерттеуші:** Педагог-сарапшы құзыреттеріне қоса, сабақтарды зерттеу дағдыларына ие.

4. Құжаттарды қабылдау мерзімі:

2025 жылғы **29 тамыздан 8 қыркүйекке дейін** (қоса алғанда).

Конкурс өткізу күні – **2025 жылғы 10 қыркүйек, сағат 10:00.**

5. Құжаттар тізімі:

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлға қабылдау мерзімінде келесі құжаттарды электронды (baysa-priem@mail.ru) немесе қағаз түрінде жолдайды:

1. Конкурсқа қатысу туралы өтініш (қоса берілген құжаттар тізімі көрсетілген, осы Ережелердің қосымша 3-і бойынша нысанға сәйкес);
2. Жеке куәлік немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін);
3. Жеке іс парағы (нақты тұрғылықты жерінің мекенжайы және байланыс телефондары көрсетілген – бар болған жағдайда);
4. Лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білім туралы құжаттардың көшірмелері;
5. Еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі (бар болса);
6. Денсаулық жағдайы туралы 075/у нысанындағы медициналық анықтама (ҚР ДСМ-нің 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген);
7. Психикалық мінез-құлық бұзылыстары бар науқастардың динамикалық есебінде тұрмағаны туралы анықтама;
8. Наркологиялық науқастардың динамикалық есебінде тұрмағаны туралы анықтама;
9. Сертификат немесе қолданыстағы біліктілік санаты барын растайтын құжат (бар болса);
10. Ағылшын тілі педагогы лауазымына үміткерлер үшін – пән бойынша сертификат немесе санат туралы құжат, не CELTA, DELTA, IELTS (6,5 балл) немесе TOEFL (iBT 60–65 балл) сертификаты;
11. Педагогтың бос немесе уақытша бос лауазымына үміткердің бағалау парағы (қосымша 12, 13 нысандары бойынша);
12. Жұмыс орнынан (педагог лауазымы) немесе оқудан ұсыныс хаты.

Маңызды: Құжаттардың бірі болмаған жағдайда, құжаттар үміткерге қайтарылады.

Үміткер қосымша ақпарат ұсына алады (біліктілікті арттыру, ғылыми атақтар, ғылыми еңбектер, әдістемелік жарияланымдар және т.б.).

6. Лауазымдық еңбекақы мөлшері:

Педагогтар:

- Санатсыз педагог – 166 706 тг – 191 234 тг (еңбек өтіліне байланысты, ұсталымдарсыз)
- Педагог-модератор – 223 124 тг – 262 765 тг
- Педагог-сарапшы – 240 295 тг – 282 869 тг
- Педагог-зерттеуші – 255 014 тг – 294 301 тг
- Педагог-шебер – 271 543 тг – 313 449 тг

Концертмейстерлер:

- Санатсыз концертмейстер – 144 124 тг – 170 210 тг
- Концертмейстер-модератор – 196 366 тг – 230 061 тг
- Концертмейстер-сарапшы – 211 913 тг – 246 602 тг
- Концертмейстер-зерттеуші – 226 345 тг – 259 261 тг
- Концертмейстер-шебер – 240 962 тг – 276 073 тг

Хабарландыру жарияланған күні: 2025 жылғы 28 тамыз.